



Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

№15 (10 218)

19 сәуір

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

"ТАЗА ҚАЗАҚСТАН" ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев облыстар мен қалалардың әкімдеріне аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Мемлекет басшысы су тасқынына ұшырамаған облыстар мен қалалардың әкімдеріне көшелерді тазарту, көгалдандыру және елді мекендердің аумақтарын абаттандыру науқанын бастауды тапсырды. Сонымен қатар жолдарды ретке келтіру міндеті жүктелді.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жұмыстарға тұрғындар мен еріктілерді тұрақты түрде тарту маңызды екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, елді мекендер мен қоғамдық демалыс орындарын күтіп-баптау әкімдер қызметін бағалаудың тағы бір өлшемі болмақ.

Жалпы өңірлердің басшылары қалаларды лайықты және тартымды жағдайда ұстау мәдениетін енгізуі керек.



Таза Қазақстан

Экологиялық акция



Ақсу ауданындағы кіші шаруашылықтар мал төлдету науқанын наурыз айында бастады. Ал, малдың жаппай төлдеуі сәуір айының басынан басталды. Бұл - шаруалар жыл бойғы қажырлы еңбегінің жемісін көретін жауапты шақ. Сондықтан төрт түліктен шашау шығармай өсім алу үшін және жаңа туған төлдердің көкке ілініп кетуі үшін бел жазбай еңбек етіп жатыр.

Бабын тапса, барын беретін қойдың өнімділігі мен өсімталдығы жөнінде халқымыз «Мал өсірсең қой өсір, пайдасы оның көл-көсір», - деп бекер айтпаған. Біраз жылдан бері ата кәсіппен айналысып, содан нәсібін тауып келе жатқан азаматтың бірі «Тайболат» шаруа қожалығының басшысы Тайболат Түкебаев. Бұл қожалық негізінен қазақи қой өсіреді. Таулы аймақ саналатын Арасан ауылдық округі аумағында қоныстанған шопан қыс қыстағын осында өткізеді. Бүгінде мал басы 500-ден асты. Қойдың күй-қоңы да жақсы.

- Биыл бір ырысты жыл болып тұр, сақман шығынсыз өтуде. Жаңа туған төлдің күйі жаман емес. Төл басы аман. Мал төлдету - малшы үшін ең қиын да, жауапты кезең екені белгілі. Себебі, әрбір төл - ертеңгі күннің берекесі, - деді шаруа қожалығының басшысы.

Бүгінгі күні аудандағы төлдеуге жататын мал санына тоқталар болсақ, саулық саны 176 мың бастан асады. Сыйр 47 мың 700 бас, алынған, төл 12 мың 200 бас. Жылқы саны 16 мың 450 бас, бүгінгі күні олардан 1200 құлын ерді.

Осылайша ауыл байлығы болып саналатын төрт түлік мал басының көбейіп жатқандығына көңіл қуантады.

Өз тілшімізден.

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Қымбатты Ақсу ауданының тұрғындарына «Жансүгіров, Сағабүйен-Сағакүрес елді-мекендерінің бас жоспарына сәйкес, ауылдардың топографиялық түсірілімдері орындалып, егжей - тегжейлі жоспарлау жобалары әзірленуде» және жоба бойынша стратегиялық экологиялық бағалау жұмыстары басталғаны туралы хабарлаймыз.

Жансүгіров ауылының егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын «Табрис» ЖШС әзірлейді. Тел.: 8 (727) 304-55-49; e-mail: tabris_arch@mail.ru

Сағабүйен-Сағакүрес елді-мекеніндегі егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын «Колдау» ЖШС әзірлейді. Тел.: 8(717)232-80-04, 32-27-07; e-mail: Koldau_project@mail.ru

Сіздерден, жоғарыда айтылған елді-мекендердің тұрғындарынан өтінеріміз, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеу барысында, үлкен жауапкершілікпен атсалысуларыңызды сұраймыз. Егер, ұсыныстарыңыз болса, ауылдық округ әкімдіктеріне немесе «Ақсу ауданының құрылыс, сәулет және қалақұрылысы бөліміне» хабарласуларыңызға болады. Тел.: 2-20-48, 8(701) 545-15-06.

Д.ҚОЖАБЕРГЕНОВ,
бөлім басшысы.

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "ҚАЗПОШТА" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"АҚСУ ӨНІРІ" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНДАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ



Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі №224-VII «Қазақстан Республикасының әлеуметтік Кодексінің» 154 бабының 6) тармақшасына сәйкес мүгедектігі бар адамдар инфрақұрылым, ақпараттандыру объектілеріне, көлікке, ақпаратқа, ойын-сауық, мәдени-бұқаралық іс-шараларға, спорттық сайыстарға және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге қолжетімділіктің қамтамасыз етілуіне толығымен ие болады. Осыған орай, елді мекендерді жобалау, салу және оларда құрылыс жүргізу, тұрғын аудандарды қалыптастыру, жаңадан игерілген және реконструкцияланатын аумақтар мен басқа да елді мекендерді абаттандыру кезінде мүгедектігі бар адамдарға и н ф р а қ ұ р ы л ы м д а р д ы ң қолжетімділігін тек пандус са-лумен шектелмей, қамтамасыз ететін 6 аймақ бойынша жаса-луы керек.

«Кірме тобы», «Қозғалыс жолдары», «Қызмет көрсетілетін аймақ», «Санитарлық - тұрмыстық орынжайлар», «Ақпарат және телекоммуникация құралдары», «Объектінің аумағы» меншік нысанына қарамастан (әкімшілік, мектеп, балабақша, дәрханана, дүкендер, тұрмыстық қызмет көрсету объектілері) бейімдеу жұмыстары стандартқа сәйкес және толық жүргізілуі тиіс.

Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін әлеуметтік оңалту шеңберінде организмнің жоғалтқан функцияларының орнын толтыруды, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қамтитын көп деңгейлі әлеуметтік қорғау жүйесі жұмыс істейді.

Мүгедектігі бар адамдар көрсетілімдері мен қарсы көрсетілімдері ескеріле от-

ырып, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен протездік-ортопедиялық көмекпен, сурдо-тифлотехникалық құралдармен, кресло-арбалармен, санаторий-курорттық емделумен, міндетті гигиеналық құралдармен, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз етіледі.

Қызмет түрлерімен қамту халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі әзірлеген мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына негізінде жүзеге асырылады.

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін 2020 жылы мүгедектігі бар адамдарға оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерін өндіруші мен жеткізушіні өз бетінше таңдауға мүмкіндік беретін «Әлеуметтік қызметтер порталы» іске қосылды.

Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға қызмет түрлері Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 937-бабына сәйкес жұмыс берушінің есебінен беріледі.

Жұмыс беруші – дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған, сондай-ақ, оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезде жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамға қызмет мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен беріледі.

Қайрат БЕКБАЛАНОВ,
ауданның жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімінің
басшысы.

ӘДЕПТІ БОЛУ – ӘРБІР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ МІНДЕТІ

Қазіргі заманның мемлекеттік қызметшілері қоғам тарапынан қойылатын талаптарға сай болуы тиіс, себебі, олардың басты міндеті – азаматтардың қоғамдық мүдделері үшін қызмет ету болып табылады. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің мемлекет тұрақтылығының кепілі екені сөзсіз. Олар ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін, халықтың барлық топтарына ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен жылдамдығын қамтамасыз етеді, адалдықтың, әділдіктің және кәсіпқойлықтың үлгісі болып табылады. Мемлекеттік қызметші өз қызметінде мемлекеттік қызметтегі мінез - құлық қағидаларын реттейтін Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексін басшылыққа алуға міндетті. Кодекске сәйкес, олар жоғары кәсіби, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық - әдептік нормаларды сақтауға тиіс. Әдептілік - өркениетті



қоғамның адамгершілік қағидалары екенін есте ұстаған жөн. Әдеп Кодексі мемлекеттік қызметшілерге адамгершілік бағыт-бағдар беруге арналған. Оның мақсаты мемлекеттік қызметшінің өз жұмысының маңыздылығына сенімділігін арттыру және Кодексте көрсетілген барлық қағидаларды сақтай отырып, мемлекеттік

қызметтің жарқын үлгісі болғанына мақтанш сезімін қалыптастыру болып табылады. Бұл басқа сөзбен айтқанда, мемлекеттік аппараттағы кәсіби қызметпен айналысуға оқық беретін анттың бір түрі. Осылай ант беру арқылы мемлекеттік қызметшілер Кодекс талаптарын бұзу қоғам мен мемлекет тарапынан сын тудыратынын түсінеді. Сөйкесінше, Әдеп кодексі талаптарын қатаң сақтау мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың азаюына ықпал етеді. Әдеп Кодексінің нормаларын түсіндіру мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, кәсіби әдеп пен іскерлік әдеп саласында қажетті білім деңгейін, оларды кәсіби қызметте пайдалану дағдыларын қамтамасыз етеді.

Бекзат ЕРМУХАНБЕТОВ,
аудан әкімі аппаратының
басшысы, әдеп
жөніндегі уәкілі.

ҚАСЫМ - ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:

Мемлекеттеріміздің шырқын бұзатын терроризм, экстремизм және сепаратизм әрекеттерінің белең алуына жол беруге болмайды. "Үш зұлым күшке", сондай-ақ, трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз есірткі айналымына және киберқауіпсіздік сын-қатерлеріне қарсы күрес Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалық ету кезеңіндегі ең бас-ты басымдықтардың бірі саналады.

ТЫНЫШТЫҚ пен БЕЙБІТШІЛІК – халықтың тілегі

Терроризм – күш қолдану идеологиясы арқылы халықты үрейлендіріп, жеке адамға, қоғам мен мемлекетке күш қолдану немесе өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау арқылы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету. Терроризмнің мақсаты – мемлекеттердің, халықтың рационалды түрде ойлауына, бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүруіне кедергі жасау, қоғам қауіпсіздігін бұзу. Яғни, адамдардың өмірі мен денсаулығына залал келтіру. Елімізде осы қауіптің алдын алу үшін бірқатар жұмыстар қолға алынып, мемлекеттік бағдарламалар да қабылданған.

Терроризмнен сақтану бағытында қазіргі уақытта бүкіл әлем болып күрес жүргізуде. Мансап орталығына «Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бойынша «Күміс жас», «Алғашқы жұмыс орны», Ұрпақтар келісімшарты жобаларына, Жастар практикасы, қоғамдық жұмыс, кәсіптік оқытуға жолдама алуға келген жұмыссыздар арасында терроризмге қарсы іс-әрекеттерге бағытталған брошюралар таратылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Біздің негізгі мақсатымыз – терроризм туралы терең түсінік қалыптастырып, оның себептері мен зардаптарын ұғындыру, сақтана білуді үйрету.

Тыныштық пен бейбітшілік – халықтың тілегі.



Еліміздің әлеуетін көтеріп, халықтың жағдайын бұдан да жақсартса, сырттан келетін қауіптерге жол бермей, терроризмге шақырып, бастайтын адамдарға ешкім мойын бұрмас еді. Ел бірлігі, ынтымағы жарасқан заманда бейбіт күннің тыныштығын сақтау баршамызға міндет.

Баян ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
аудандық «Мансап орталығының»
директоры.

● МАМАН КЕҢЕСІ!

Ақсу ауданы жыл сайын естеріңізге са-лып отырғандай безгектен эндемиялық ауданға жатады, яғни, безгек ауруын жұқтыру қаупі күн жылысымен жоғары бо-лады. Аудан бойынша 3-5 км. қашықтықта орналасқан, жалпы анофелагенді су ай-дындары 31 гектар, оның анофелагенді жер көлемінің алаңы 19 гектар. Көкезек ауылында анофелагенді көл орналасқан (контрольная точка). Осы анофелагенді көлде безгек масасын тасымалдаушы Anopheles масалары бар.

Безгек (Malaria - безгек) — бұл инфекциялық қан ауруы, ол адамды қалтыратып, аласұрғызады. Бұл безгекпен ауыратын адамның қанынан безгек паразиттерін сорып алатын шыбын - шіркейлер, маса-соналар арқылы тарай-ды және олар басқа адамды шағып, оның қанына безгек инфекциясын түсіреді, бірнеше мәрте қайталанатын ауру түрі. Безгек - Plasmodium тұқымдасындағы қарапайымдылармен шақырылатын, трансмиссивті механизммен берілетін адам организмінде эритроциттерді зақымдап, клиникасында ұстама тәрізді қызбамен, гепатоспленомегалиямен,

БЕЗГЕК (Малария)

анемиямен өтетін антропонозды инфек-ция.Таратушы Anopheles тобына жататын масалар. Клиникасында ұстамалы қызба, гипохромды анемия, талақ пен бауырдың өсуі болады.

Безгек ұстамасы әдетте 3 сатыдан тұрады:

Безгек қалтыраудан басталады және бас жиі ауырады, науқас 15 минуттан 1 сағатқа дейін қалтырайды. Қалтырау ыстықтың көтерілуіне жалғасып, ол 40°-қа дейін және одан да жоғары көтеріледі. Адам әлсірейді, терісі қызарады, сандырақтайды. Ыстық бірнеше сағат немесе күні бойы сақталады. Ақырында адам малшына терлейді және ыстық түседі. Ұстамадан кейін адам әлсірейді, бірақ өзін біршама сергек сезіне бастай-ды.

Әдетте адамда безгек кезінде әр 2—3 күн сайын қызу болады (безгектің түріне қарай), ал ұстама басталатын кезінде

қызу күн сайын қайталайды. Ыстықтың түсуі мен көтерілуі оқтын-оқтын өзгеріп тұрады. Сондықтан себепсіз ыстығы көтерілген әрбір адам қанын безгекке тексерту керек. Созылмалы безгек көбіне талақтың үлкеюі мен қанның азаюына себепші болады. Жас балаларда беттің бозаруы мен қанның азаюы бір-екі күннен кейін басталады. Бұл жағдай безгек миды зақымдаған кезде болады (цере-бральды безгек), қызба ұстамасы естен тану ұстамасына жалғасады. Науқастың қолы көгіс тартады, демалысы жиілеп, тереңдейді. (Ескерту: Емшек сүтін ембе-ген балалар безгекпен тым жиі ауырады).

Инкубациялық кезең: 3 күндік безгекте 10-11 күн, овале безгекте 11-16 күн, 4 күндік безгекте 21-24 күн, тропикалық без-гекте 9-16 күн).

Безгек ыстық жаңбырлы маусымдарда жиі болады. Бірақ күш-жігер жұмсап, оны болдырмауға болады. Барлық алдын алу

шаралары жедел іске асырылуға тиіс. Өзіңізді шыбын-шіркей, масадан аулақ ұстаңыз. Олар жоқ жерге немесе маса-ханада ұйықтаңыз. Баланың бесігін маса кірмеу үшін жұқа матамен жауып қою керек. Безгектен сезіктенсеңіз жедел ем-деуге кірісіңіз. Сіз емделіп, сауыққаннан кейін сізді шаққан шіркей басқаға ауру-ды таратпайды. Осы ауруды емдейтін органдармен, олардың өкілдері сіздің ауылыңызға келген кезде, ынтымақтасып жұмыс істеңіз.

Егер сіздің отбасы мүшелерінің бірінің ыстығы көтерілсе, оларға бұл жөнінде ха-барлап, айтыңыз және олардан қан алып, анализ жасауына мүмкіндік жасаңыз.

Шіркейлерді және оның ұрықтарын құртыңыз. Шіркейлер лас суда тез көбейеді. Тоғандарды, шұңқырларды, лас су жиналып қалатын ескі бак неме-се құтыларды тазартыңыз. Шіркейлер көбеюі мүмкін барлық су тоғандарын не-месе батпақты құрғатыңыз.

Азиза СЕҢКІБАЕВА,
аудандық санитариялық -
эпидемиологиялық бақылау
басқармасының маманы.

Бәсекеге қабілетті тіл - қазақ тілі

Қазіргі таңда еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі болып бекітілді. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы Заңы» бұйрығымен енді. Болашағымызды баянды етер басты қаруымыз – тіліміз. «Адамға екі нәрсе тірек тегі, Бірі – тіл, бірі – ділің жүректігі», — деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай кез - келген мемлекеттің, елдің ең негізгі рәмізі де, ұраны да, тірегі де сол елдің ана тілі болмақ.

Бүгінгі жас ұрпақ - мемлекеттің болашағы, ертеңгі күннің азаматы. Ал, оның бақытқа жетер даңғыл жолы - туған Отанын, туған тілін сүюден басталады. Сондықтан да, бүгінгі дөңгелек үстелдің мақсаты - ұлтшыл емес, ұлттық сана - сезімі мол, Отанын, ана тілін өз анасынан кем сүймейтін азамат пен азаматша тәрбиелеу, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мемлекеттік тілдің мәртебесі



мен маңызын кеңінен насихаттау, өзге ұлт өкілдері арасында қазақ тілін білу деңгейін көтеру және оқып үйренуге деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру, патриоттық сезімін ояту. Қазіргі заман жеке адамдардың ғана емес, тұтас ұлттардың да өткеніне үйліп, болашағын бағдарлауға жол ашты. Ендігі жерде қазақ тілінің беделін көтеру, оның арын арлап, жоғын жоқтау, олқысын толтыру өз қолымызда, Сіз бен біздің қолымызда.

Кітапханада «Бәсекеге қабілетті тіл - қазақ тілі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылып, оқырмандарға сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

Егеменді еліміздің тұғыры қашан да тіліменен биік. Тіл тағдыры туралы көкейді тескен көлолармен сусындадық. Туған тіліміз - тұғырым. Бұл Сіздердің басқа тілді меңгерулеріңе ешқандай бөгет болмайды, қайта адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер - сол ана тілің. Ана тілінің бүге - шүгесіне, терең ирімдеріне бойлай білу - саналы азамат болғысы келетін жас адамның бірінші парызы. Ол - туған жерді, Отанды, ата - мекенді сүйе білу деген сөз. Осы азғантай уақыттағы айтылған сөз, өнер толғаған сезім, ұлылардан қалған ой - пікірлерді көкіректеріңе мәңгі қалдыру.

КӨРІСУ — жаңа жыл, жаңа өмір, жаңа күн

Көрісу – халқымыздың ұрпақты ізеттілік пен мейірімділікке, кішіпейілдікке, бірлікке, татулық пен бауырмалдылыққа тәрбиелейтін, ағайын мен туыс арасындағы байланысты бекітетін дәстүрлі мереке. Ұлыстың ұлы күні – Наурыздың бастауы болған Амал мерекесінде адамдардың бұрынғы өкпе-реністерінің бәрі кешіріліп, араздық ұмытылады. Сөйтіп, бұл татуласудың дәнекері, жаңа өмірдің бастауы болып табылады. Қос қолдап амандасып, төс түйістірудің де өзіндік мәні бар. Бұл өмір тірегіміз – төсім, тіршілік көзі – екі қолым аман-сау болсын дегенді білдіреді. Жылы жүректерден шыққан игі тілектер көпшілікті жақсылыққа бастайды.

Барлыбек Сырттанов ауылдық әкімшілік, кітапхана, мәдениет қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Амал мерекесіне орай "Көрісу - жаңа жыл, жаңа өмір, жаңа күн" атты дәстүрлі мерекелік кеш әр мекемелермен бірлесіп өтті.

Көрісудің басты ұғымы – өткен қыстан, жылдан аман-есен шықтық, жаңа жылға, табиғаттың жап-жасыл түске бөленіп, жасарар шағы – көктемге жеттік дегенді білдіру. Енді қиындық жоқ, адамның аузы аққа (уызға), малдың аузы көкке тиді деп адамның адаммен, жылдың жылмен көрісіп, қауышуы, ұлы той деген ұғым болса керек. Міне, бұл – бізге ата-бабадан келе жатқан игі дәстүрдің бірі. Ендеше, Көрісу күні бақ-берекеге бастап, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, жылдан жылға аман-есен жетейік дегенді білдіреді. Бұл күні үй ішінде жыл сайын ерекше мереке бастау алады. Осындай игі дәстүрдің мәні мен маңызын кейінгі ұрпаққа жеткізіп отыру бізге парыз.

Назира АУБАКИРОВА,
«AMANAT» партиясының мүшесі,
Б.Сырттанов ауылдық кітапханашысы.

Тіл мәртебесі - ел мәртебесі

Тіл - әрбір ұлттың ұлт, елдің ел болып қалыптастырушы және жасаушы факторы. Ешқашан ұмытылмайтын ерен ерліктің айғағы, ертеңгі күнімізді айқындаушы, яғни, кешегіміз, бүгінгіміз, ертеңгіміз. Адамды жануарлардан ерекшелейтін және адам ететін ең бірінші Отанына, халқына және тіліне деген өшпес махаббаты. Әр халықтың өзінің ана тілі бар.

Тіл – жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Тіл – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Тіл – қай ұлтта, қай елде болмасын қастерлі, құдіретті ұғым. Ол әр адамның бойына ана сүтімен дарып, қалыптасады. Тіл арқылы салт-дәстүрімізді, дінімізді, ділімізді, қолөнерімізді де сақтап, келесі ұрпаққа бере аламыз.

Тәуелсіздік алғалы бері қоғамдық қызу талқылаудың тақырыбына арналған басты мәселенің бірі – тіл мәртебесі. Тілі мен ділін ұмытқан ұлттың да болашағы бұлыңғыр екені анық. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алғашқы жолдауында қазақ тілінің қолданыс ауқымын кеңейту турасына ерекше тоқталды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», - деген.

Қай қоғамда да тіл мәселесі



өзекті мәселе болатыны белгілі. Біздің ұлтта да тіл өзекті мәселе болып отыр. Қазақстанда қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Солай бола тұрса да бізде қазір көптеген қандастарымыз үй ішінде, сыртта, қоғамдық орындарда өзге тілде сөйлеп, қазақ тілін сөйлеу өрісін тарылтып, қолданылу аясын әлсіретеді, тіпті жоғарғы жақтағы басшылардың өздері өзге тілде сөйлейді, қазақша сөйлегеннің өзінде шұбарлап сөйлейді. Шынында қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспей көңілге қонымсыз-ақ жәйт. Басты кемшілігіміз – осы.

Қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанда тұратын, оны Отанын деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі.

Мемлекеттік тілді құрметтеу – Қазақстан азаматтарының міндеті болып саналады. Мемлекеттік тілді менсінбеушілік, сыйламаушылық және оның абыройы мен беделіне нұқсан

келтіретін басқа да іс-әрекет жасаған азаматтар мен ұйымдар мемлекеттік мекемелер заң бойынша жауапқа тартылады.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - деп қазақ атамыз тегін айтпаған. Тіл – ұлттық діліміздің көрінісін табатын әлеуметтік құбылысы, мәдениетіміздің биік тұғыры. Сондықтан тіл әлемдегі ұлттық мәдениеттің ара қатынасында аса маңызды рөлге ие. Адамды бікке көтеретін ана тілі мен ата дәстүрі. Ана сүтімен бойымызға дарыған өз тіліміз біз үшін қашан да жоғары орында тұрмақ. Қанша тіл үйреніп, ой-санамызды кеңге өрістетсек те, өз тілімізді ұмыту мүмкін емес. Келешек жас буынға да осы үштілділікті үлгі етіп қалдырайық. Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін есте сақтағанымыз абзал.

Р.МҰРАТОВА,
Сағабұйы ауылдық кітапханашысының кітапханашысы.

“МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ БАҚ” облыстық байқауының ЕРЕЖЕСІ



1. Жалпы ережелер

1. Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасы журналистер арасында «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық байқауын (бұдан әрі – Байқау) жариялайды.

2. Байқауды өткізудің мақсаттары мен міндеттері:

- мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау жұмыстарын жандандыру;
- мемлекеттік тіл мәселесіне қоғамның назарын аудару;
- мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері туралы мақалалар, бағдарламалар арқылы тұрғындардың танымын кеңейту;
- қазақ тіліндегі контентті ұлғайту және мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту.

3. Конкурс екі номинациядан тұрады:

1) «Үздік мақала»;

2) «Үздік теле және радиобағдарлама».

4. Конкурсқа кәсіби журналистер, телевизия және радио, газет, сайт ұжымдары, сондай-ақ осы Ереженің талаптарына сәйкес мемлекеттік тілдің (қазақ тілінің) өзекті мәселелері жөнінде жарияланған азаматтар қатыса алады. Қатысушылардан жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мемлекеттік тілді дамыту және оның қолданыс аясын кеңейту жөніндегі мемлекеттік тілдегі материалдар қабылданады. Материалдар аналитикалық талдаулар, проблемалар мен олардың шешу жолдарына негізделуі қажет. Байқау материалдарында қазақ тілінің қолданысын кеңейтудің тиімді жолдары мен тәжірибесі көрсетілуі тиіс.

5. Байқау материалдарын бағалау критерийлері:

- тақырыпқа сәйкестік;
- қамтылған ақпараттың өзектілігі, нақтылығы мен шынайылығы;
- журналистика принциптеріне сай келуі, материалды жеткізу шеберлігі;
- мәселені талдау тереңдігі, заманауи шешу жолдарын көрсетуі.

Байқауға қатысушы үміткерлердің байқауға ұсынған материалдары олардың кәсіби біліктілігін, мультимедиялық сторителлинг және заманауи медиа мүмкіндіктерін, мемлекеттік тілді дамытудың заманауи моделін тұтас қоғамға және әрбір жеке оқырманға, тыңдарманға және көрерменге аша алуы қажет. Байқауға ұсынылатын материалдар авторларының заманауи біліктілігі, оның ішінде дата-журналистік қабілеттері де (сапамен, санмен жұмыс жасау қабілеті) ескеріледі. Коммуникациялық ресурстарды орындау қолданып, заманауи медиа-технологияларды дәстүрлі журналистика құралдарымен кіріктіре отырып, мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, сол арқылы мемлекеттік тілдің қызметі, даму жолдары мен мемлекеттік тіл саясатының түрлі қырларын, өзекті мәселелерін сапалы, сенімді және нәтижелі түрде баяндауы қажет.

Байқауға қатысушылардың қазақ тілді контентті қарқынды дамытудың заманауи жолдары мен инновациялық шешімдерін көрсете білуі маңызды. Әлеуметтік ортада, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің нық орнығып, еркін қолданылуында кездесетін кедергілерді айқындай отырып, негізгі шешімдер ұсыну шеберлігіне мән беріледі.

6. Байқауға қатысу үшін жоғарыда аталған екі номинацияның біреуі бойынша өтінім (қол қойылған, сканерленген және «Word» форматы) erkin.obl.til@mail.ru электрондық поштасына, «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық байқауына» деген белгімен 2024 жылдың 6 мамырына дейін мынадай құжаттармен бірге жолдануы тиіс.

- Ереженің қосымшасына сәйкес өтініммен қоса жеке куәлігінің электронды көшірмесі;

- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 6 мамырға дейін баспасөз бен электронды порталдарда жарық көрген екі материалдың (газет-журналда немесе сайттарда жарияланған екі мақаланың) «Word» форматындағы электрондық нұсқалары, скриншоттары, сканерленген нұсқасы, белсенді сілтемесі;

- немесе эфирге шыққан, әлде ресми интернет аккаунттан жарияланған екі медиаөнімнің (теле-радио бағдарлама, телесюжет немесе кэпшн-видеоның) видеофайлы, аудиофайлы мен белсенді сілтемесі;

7. Ережеде көрсетілген мерзімнен кейін ұсынылған өтінім байқауға қатыстырылмайды.

8. Байқауға ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды.

9. Қорытынды ережелер

9. Байқауға қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамына кемінде үш адамнан тұратын журналистика, ақпарат, тіл, әдебиет салаларының білікті мамандары, журналистика бойынша зерттеуші-ғалымдар кіреді. Қазылар алқасының құрамы төрағадан және оның мүшелерінен тұрады. Қазылар алқасы мүшелері қатысушылардан түскен материалдар негізінде ашық дауыс беру арқылы байқаудың екі номинациясы бойынша жеңімпаздарды анықтайды. Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделіп, қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды. Байқаудың марапаттау рәсімі 2024 жылдың мамыр айында салтанатты түрде өткізіледі.

10. Байқау жеңімпаздары ұйымдастырушы бекіткен жұлде қоры мөлшерінде арнайы дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады. Бас жұлде және I орынға ие болған қатысушылар республикалық кезеңге жолдама алады.

11. Байқаудың жеңімпаздары туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасының интернет-ресурсына орналастырылады.

Анықтама үшін:

Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасы, Талдықорған қаласы, Қаратал шағынауданы, 36/Б. Байланыс телефондары: 8 (7282) 40-10-49, +7 777 234-79-78.

МЫРЗАҒҰЛҰЛЫ ТОЛҒАНБАЙ АҚЫННЫҢ ТУҒАНЫНА - 180 ЖЫЛ!

Халық ауыз әдебиетінде айтыс өнері үлкен мұра. Үлесі мол шырақтан. Айтыс ақындары еліне рухани байлық әкелген. XIX ғасырды «өнер ғасыры» дегенде, сол ғасырда өмір сүрген «тасқын» ақын Толғанбай Мырзағұлұлының еңбектері әлі түбегейлі зерттеліп, жарыққа шықпады. Кейінгі ұрпаққа есімі мәлім болғанымен еңбегі, үлгі істері ескеріліп, жазылмай қалды. Халыққа берген өнегесі ұран теңіз. Мұрасын зерттеген Ілияс Жансүгіров баспасөзге жариялауға үлгере алмапты.

Толғанбай хат танып, жадитше жаза біліпті. Жазған қолжазба қара дәптері құнтталып, уақытында еленбей қалған. Ел ішінен жиі-жиі терген мұрасы баршылық. Ел аузынан айтылған соң кемшіліксіз болмайды. Оған түсіністікпен қараған жөн. Архив мұрағаттарында халықтың дана құйма құлақ қариялары өткізген өлеңдері сақталуда бар. Оны ұқсату ұрпақ ісі болар. Ауыз әдебиеті нұсқаларының арасынан лайықты орын алатын ақын шығармалары көпшіліктің қалаулы серігіне айналатындығына күмән болмақ емес.

«Тіл өнері дертпен тең» дейтін қазақ ақындарын, айтыс өнерін кем бағалауға соқтыртпаған. Заманында, ұлы далада, белді адамдармен тамырлас болмаса да тағдырлас, ойы ортақ, біртуар азамат, ақын Мырзағұлұлы Толғанбай кім болғанына тоқталайық. Толғанбай Мырзағұлұлы 1844 жылы Ақсу ауданының Ақын Сара, бұрыңғы Көкжайдақ ауылында, орта деңгейдегі отбасында дүниеге келген. Тоғыз құрсақ көтеріп, толты азамат өсірген Құрамыс анасының жетінші перзенті. Басқа ұлдарына қарағанда өнер, білімге бейім Толғанбайды әкесі Мырзағұл бетін қайтармай өсіріп, тәлім-білімді өзі берген. Әкесі Мырзағұл – ауқатты, ескілікке білімдер, зерек, момын адам болыпты. Анасының есімі Құрамыс. Құрсағынан тоғыз ұл туып тараған.

Толғанбай әке қанаты астында қадімше хат танып, сахараның сал-серілік дәстүріне құлай беріліп, өлең өнеріне ынта-ықласы ерте артады. Өлең өнері Толғанбайға он үш жасында дариды. Бір күні далада ойнап жүргенінде ақ боз атты, ақ сәлделі, ақ сақалды қарт қасына келіп, «өлең аласың ба, көген аласың ба» деген екен, сонда өлеңді қалаған Толғанбайға әлгі қария батасы мен «Қапуғай» деп аталатын әуенді қосып береді. Осы салдардан көпшілік жұрт жасөспірім Толғанбайды «әулиеден әуен алған Толғанбай» деп айтады. Әкесі домбыра жасайтын хас шеберге жиналмалы үлкен субелді домбыра жасатып, домбыраның ажыратылатын ұзын мойнына шанағына киіліп, қатты ағаштан жасалған сына кіргізіліп, қайыспен байлап бекітіндей, атқа қомдап алып жүргенге оңтайлы, кең сүмбелі, басы орыстың шылымындай қайы, үкілетіп моншақ таға, қызыл түсті сырға боятып, баласына ұстатады. Киімді бір ыңғай қызыл түсті матадан ою-өрнектетіп, айшықты әсемдетіп, арнаулы тіктіреді. Басына зер тақия мен құндыз бөрікті үкі таққызға жасаттырып, аяғына өрнегі бар саптама етіккі, киім сыртынан жамылатын құндыз жағалы қымбат матадан жасалған шапан киіеді. Бұл үлгі сол заманның сал-серілеріне тән дәстүр. Елге танымал айтыскер ақын, актер, өңші Жардамбек Тосмағабетов: «Әй-у-гай, у-гай» әуезді Толғанбай атамның өні болды. Жас шағынан үлкендердің айтуымен әуезі есімде қалды. Сол атам әуезімен:

«Атам сөзі ескерткіш көптен елге,
Естігендер сөздерін осал дер ме?
Осы әуезбен Толғанбай самғайды

екен,

Сол себептен «у-гай-ға»

басым мен де.

Аққан асып дария жеті арнадан,
Алтын ауыз, алмас де Толған атам.
Бұтағынан бәйтерек бүрін төгіп,
Тәлімді сөз қалдырған екен маған», - деп деретейді. Өңші, жыршы Жәнібек Көрменов: «Толғанбай ақынның шығармалары мен әуездерін іздеп тауып, шығару абзал», - деп армандап кетіпті.

Толғанбай: «Осынау өмірімде, па, шіркін, киген киімін-ай, дегенді естімеген екенмін? Бірақ, паһ, шіркін, Толғанбайдың мінген атын-ай, деген сөзді құлағым үш қайтара шалды!» - депті жарасымды киген киіміне қызыққан аталас жорасы Өлімбайға. Толғанбай ақын орта бойлы, зерек ойлы, маңдайы тайқы, келбеті қызыл шырай реңді, өткір жүзді, мурны жалпақтау, делбегей емес, ат жақты, қабағы қалың айшықты, қолы ұзындау салалы, сүмбілше сұлу саусақты, кірпияз, өзін таза ұстайтын, өте ұқыпты кісі болған.

Толғанбай ақынның шыққан ататегі:

Матайдан Кенже, одан Сұртай ақын, одан Үмбет батыр, одан Қарытқұл, одан Боданбай, одан Жалау-қарт, одан Темір, одан Болат, одан Байғыз, одан Сақай ақын, одан Тағай батыр, одан Тұңғат дана, одан Ер Тоқпанбет, одан Қоңырбай батыр, одан Байжан батыр, одан Мырзағұл, одан тоғыз ұл: Қоштыбай шебер, Естібай зергер, Ендібай жылқы пірі, емші, Тектібай бай, Белібай білік, Телібай болыс, Толғанбай ақын, Толқынбай, Жұманбай ақын тарады. Мырзағұлұлы Толғанбай ақын: «Сұрасаң арғы атамды батыр Тұңғат, еш адам өткен емес баса көктеп», - деп Байқошқарұлы Түбек ақынға айтқаны бар.

Қонысы - қыстауы Жаманжал, Ақжал, көктеу-күзеуі Көкжайдақ, Шұрат, жайлауы Амантөкше.

Толғанбай ақын үш жүзге мәшһүр, айтыстың ақиығы Байқошқарұлы Түбек халықпен Итжонды Арқа жерінде, Бексұлтан төренің ұлы Сүлеймен төренің асында айтысқан. 77 жастағы Түбек ақын жас пері Толғанбайға өзі килігіпті. Толғанбай ақынның: «Жетпістің жетейінде

**ТОШЖАРҒАН**

желкілдейсің, құдайдың сен сұқ иті иманың жоқ!» - дегеніне Түбек тоқтап, айтыста жеңіледі. Түбек ақын домбырасын тізесіне ұрып сындырып, «апыр-ай, жолымда желдей есіп, желпінген жас тұрғанда, мен адасқан екенмін, енді айтысты доғардым» деп, сондағы көп алдында Толғанбайға батасын беріпті. Абай Құнанбаевтың 150 жылдық тойына арналып шығарылған «Абайдың ақын шәкірттері» кітабында Қайым Мұхамедханұлы: «Түбек пен Толғанбай үш күн, үш түн айтысқан», - деп жазады. «Түбек пен Толғанбай» айтысының мәтіні 2002 жылы, «Жетісу» газеті мен «Жұлдыз» журналына, халық мұрасын зерттеуші, Қаратай Биғожин шығарған. Сүлеймен төре асында Толғанбай ақынның Қоңыр мен Малайға, Сүлейменнің ханымына арнап «Көңіл» айтуынан Матай мен Қаракерей елі арасындағы бірнеше жылдарға ат ізін салмай кеткен дұрдараздық татулыққа ұласады.

Түбек ақынды Толғанбайдың айтысып жеңгені халыққа жедел, кең тарап, Толғанбай қазаққа «тасқын» ақын атаңды. 17 жасынан бастап Толғанбай ақын сал-серілік жолына түсіп, 41 жастан асқанша доғармапты. Толғанбай ақын қара өлеңді суырып салып айтатын, сауаты кемел, ескі тарих пен жаңа құбылыстарды қауыштыра, арқалы айтыстарды, көлемді туындыларды қағаз бетіне түсіріп, оларды бір арнаға жинастыруды өмірлік серігі етіпті. Өкініштілігі, сол көлемді «Толғанбайдың толғауы» деп аталған, қомақты жазба жинақ дүниелерінің келешек ұрпаққа жетпей, тарамданып жоғалып, жұрнақтары ғана, ауызша жатқа айту дәріпінмен, жеткеніне шүкірлік етпеске амал жоқ. «Қаракерей Қабанбай» кітабына Зейнолла Сәнік пен Бейсенғали Садыхан, «Хан батыр Қабанбай» кітабына Зейнолла Сәнік Толғанбай ақынның «Қабанбайдың жаралмышы» шығармасынан дерек негізі етіп, мысалға келтіргені бар.

Бұрынғы Қапал ауданы, Абай атындағы колхозының тұрғыны Бейсебаев Бейсенбек деген азамат «Толғанбай мен Түбек» айтысының мәтінін қағазға түсіріп, 1955 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының қолжазбалар қорына тапсырыпты. Әубәкір Ахметжанұлы Диваевтың қолжазбалар мұрасы Қаз. ССР. Ғ.А.Орталық Ғылыми кітапханасының қолжазба қоры, папка № 1167, 13-18-ші дәптерлерде Толғанбай ақынның «Сүйінбай ақын асында» шығарғаны сақталуда екен. Ол туралы Әубәкір Диваевтың Алматы, «Ана тілі», 1992 жылы шыққан «Тарту» кітабының «Халық қазынасының қамқоры» айдарлы алғы сөзінің 19 бетінде Флора Оразаева келтіреді. Ертеректе «Наурызбай – Ханшайым (Фатима)» деген туынды болған екен. Оның үш түрі бар деседі. Біріншісі - Сегіз (Мұхамедқанапия) серінікі, екіншісі - Сегіз серінің ұлы Мұсайындікі, үшіншісі - Көкбай ақындікі. Негізі Сегіз серінікі болса керек. Сол туындыда «Сөз иесі Толғанбай! Жыр иесі Толғанбай!» деп айтылады. Мұны Ө.Ахметов «Алшын Төребай» кітабында келтіреді. Толғанбай ақын алшын Ескожаұлы Төребаймен жасты, бір жылғы тума. Қанафия Саңлақбайқызы: «Төребай – Толғанбай, Телібаймен сырлас екен» деп, өлеңге қосады. Төребаймен өлеңмен қақтығысқанда Толғанбай: «Шөпшіме -Есіркептей тұрпатыңыз», - деп, Төребайдан басым түседі. Төребай ақын Толғанбайдың Сүлеймен төреге айтқан «Көңіл» өлеңін өнеге тұтып, сол дәстүрде Шоқан Уәлиханұлы, Тезек төре

өмірден өткенде көңіл шығарып айтыпты. Толғанбай ақынның «Көңіл» шығармасы толық мәтін, әуезімен кейінгі ұрпаққа жетті. Баспа жүзін де көрді.

Ресми түрде баяндалып, көпшілікке көрегенді көркем насихатталмағанымен, сонау бір өткен дәуірде, Ақсу жерінде, ақындықтың Толғанбай ұйымдастырып, қалыптастырған мектебі болған. Толғанбайдың ақындық өнерінен суындап, тәлім алғандар: Матайдың «үш тотысы» атанған Сара (кенже), Өсем (қаптағай), Сарықыз (аталық), елге танымап айтыс ақындары Бекетбай, Нұрланбек, Жұманбай, Жақыпбек, Омарбай, Омарбек, Өлімбай, Құтым, Нәдірқұл, Нәдірбай, Тиышбай, Құрақбай, Құндақбай, Білісбек, Тынысбек, Шәріпбек т.б. «Тұйғын» ақын атанған, Қалқа Жапсарбаевпен айтысында, халық ақыны Қуат Терібаев: «Толғанбайдың сауатынан су ішіп, жем жегенмін!» - деп, оны өзіне ұстаз тұтады. Толғанбайдың сауаты мол, білікті ұстаз болғанын ел-жұрты, халқы бағалап, «көзден көк аттыға» тиістірмей, оң ісін қолдап, барынша қорғап бағады. Толғанбайды пір тұтқан, өлең өлкесіндегі Матай елінің «үш тотысының» бірі Сара Сұлтанбек (Тастанбек) қызы.

Тегінде, «азаматтың қадірін алған жары, жақын ағайындар мен туған ауылы біле бермейді» деген сөздің жаны бар. Берісі Матай, арысы Найман асып, Арғын елін тамсандырған Толғанбай ақынды өскен ортасының сидырмағаны байқалады. Тік айтып, тура сөйлеуді өмірлік мұратына айналдырған ақынның аяғынан шалушылар ел ішінде аз болмапты. Сал-серілік жолға түсіп, дүние-мүлік жинамай, айттырып қыз алмай, үйленбей жүрген Толғанбайды ағайын-туыс, ағасы Телібай болыс тәртіпке салмақ негізінде, Қапалдағы уезд бастығы «тентек» ояз алдына апарды. «Сен не деген тентексің? Ағайын-туыс, ағаларыңның ақылына көнбейтін?» деген, аузында бұйрығы, қолында қаламы, қалтасында мөрі бар, шынжыр балақ ояздың, он шақты белді кісілердің алдында, қабағын түйе-түксите берген сауалына, Толғанбай ақын: «Мәртебелі мырза! Мені тентек атандырса, жақын ағайын-туыс, ағаларыма жақпағанымын шығар?! Бірақ, өзіңізді «тентек» ояз атандырғанда қалың халқыңызға қай қылығыңыздан жаздыңыз?» деп, «ашулы арыстанның» жалынан сипаған жеттігімен басын даудан арашалайды. Ояз: «Өжет, тапқыр ойлы, Толғанбай ақынға алдынан ешкім шықпасын! Атақ даңқтарыңды осы адақтайды!» - деп құрметтеп күттіріп, ат, шапан айыбын, сый-сияпатын беріп, жолға салыпты. Тентек ояздан алған ат, шапанды Толғанбай ағасы Телібай болысқа сыйлап, өзі атты шаужайына қамшымен бір осып, ауылына бет алмай, басқа жолға түсіп, ағасына ілеспей шауып кете беріпті. Телібай болыс екі атты алма кезек мініп, сол күні Қапалдан Қарағаштағы Төнеке батырдың ұлы Есімбектің ауылына жетіпті. «Құтты қонақ жақсылық ниетке» деп Есімбек Телібайды ауылында өтіп жатқан, «қыз ұзату» тойына алып барады. Тойда, елі өтебай, қасиетті Алдай бақсының қызы Жамбы «өлең қонып, аттанған Сақай түлегісің» деп намысына тие, Телібайға қақтығысып, екеуі қара өлеңмен айтысады. Жамбының сөздері басым түсіп, Телібай аракідік қайтарып жауап таппай, тосыла береді. Қасында отырған Есімбектің тізесін қолымен батыра баса, қобалжи «әлгі Толғанбай ақын, інім келе қалса ғой» деп есіктен кіргендерге елексіп,

жіі қарап, үміттеніп отырады. Есімбек: «Аптықпа, ол інің той бары құлағына шалынса, түнгі өлеңге қарсы жетіп қалар?» - деп Телібайға басу айтып, сабырлық сақтауға негіздеді. Есімбек болжағанындай-ақ, түнгі өлең бастау алып қызар шағында, Толғанбай барша отырғандарға сөлем бере, есіктен кіреді. Толғанбай орнығып отырмастан, Жамбы қыз қапияда қапы қалдырмақ ниетпен, кекесінді өлеңмен Толғанбайға:

«Япырмай, мынау келген

Толғанбай ма?!

Именіп, ол ешкімнен қорғанбай ма?

Толғанжан аузың өпті, тілің майда,

Жамбының май шолоағын

сorghандай ма?! - дейді.

Толғанбай зер қоржынындағы жиналмалы, қызыл түсті, домбырасын дереу қолына алып, күйіне келтіре, үй ішіндегілерге зейін сала, көзімен шола барлап, Жамбыға:

«Жамбы ма, мынау отырған тайтұяқ па?

Болғаны оның ақын біздік бақ па?!

Кекесі келген жерден сөзін айтып,

Елінен ерек шыққан сұржайдақ па?!

Беріпті Алақушік Шаппасына,

Іліңдің ноқта болып ат басына.

Толқынды, Нұрланменен қабат алып,

Қарашы Жамбы қыздың

саппасына» - дегенінде,

Жамбы қыз бетін жаулығымен бүркей, үйден сыртқа ата жөнеледі. Сөйтсе, Жамбы қыз атастырылған Шаппаның жігітине тайсақтап күйеуге тимей, Толқын және Нұрланмен әуейлік әуресі басылмай жүріпті. Толқын мен Нұрлан сол үйде екен, Толғанбайға қамшыларын үйіре, тура ұмтылады. Оларды үйдегілер мен Есімбек басып, тоқтатып, кешу сұраттырып, Толғанбайға екеуі екі ат, шапан айыбын тартады. Толғанбай ол алған айып сыйын ағасы Телібайға тарта етеді. Толғанбайды тәртіпке келтірмек болған бір сапарында Телібай болыс ауылына үш ат, үш шапан олжамен орапты.

Толғанбайдың Естібай деген ағасы өліп, ерте жесір қалған оның әйеліне, әмеңгерлік жолымен ағайындастар арасында «мен аламын, жол менікі» деген қызғанышты талас-тартыс туындап ұшығады. Бұл лаулап тұрған отты ары дамытып, ағайындастарының бірлік ұйытқысын бөлдірмеу және жесір, екі баласымен қалған, жеңгесін ағайындастарының қызғаныш әлегінен құтқару жәйімен, отыз жастан асып, әлі үйленбей жүрген Толғанбай ақын, жеңгесінің ықтиярлы келісімімен, оған үйленеді. Өлген ағасының жолын қастерлеп, жеңгесін сыйласыммен «үлкен апа» деп атап, жеке отау жасап қояды. Ол жеңгесі балаларының қамы ержеткізуімен айналысып, өмір сүреді. Осы мән-жайдың бәрін тыңғылықты естіп білген, елі Қаракерей, Семіз-Найман, Қожан, қадау тілді Байсұлтанұлы Балтабек би, қажы «атадан көп болғандарыңмен бөрібауыр екенсіңдер» деп Толғанбай ақынды, бір жылында, өткір тілімен шағады. Сонда, Толғанбай ақын: «Саналы әділ бала ту ұстайды,

Жаман бала жақсыға жуыспайды.

Қайырымды, ақ пейіл, дана болса,

Біреуінен біреуі суыспайды.

Арам пейіл адаммен жолдас болсаң,

Құрт жеген ағаштай қуыспайды.

Жақсы әйелге ұя бөрік ер кездесе,

Шақ етіп, бір-бірімен ұрыспайды.

Ағайын бар болса екен күндесе де,

Сыйласып, күнде бірге жүрмеседе.

Қол жетпейтін торғыннан тоным артық,

Жырттылып жаға, жеңі кірмеседе.

Кең ойлы, ақыл айтар, қамқор жақсы,

Өр түрмен ұрсып, зекіп, тілдесе де.

Қайырымды, жайдары, дана болса,

Тоқтау айтар, ісінді міндесе де.

Топ қарға не қылады, бір сұңқарға,

Жүз жабы мінсең жетпес бір тұлпарға.

Жаманға елде қалай ісің түссе,

Жарамас ашығыңды бір қымтарға.

Сорлы ерекке кез болады долы әйел,

Отырып от басында дым құртарға.

Дүние байқауымша шолоақ екен,

Қол жетпеске созған қол сорақ екен.

Болған нәрсе, жоқ деуге бармайды ау

Зым, ойласам өмір деген қонақ екен.

Не жетсін, тіршілікте сойласқанға,

Қызығы бұл өмірдің сол-ақ екен!» - деп өлеңмен жауап беріпті.

Толғанбай ақынды көре алмас жақын жекеқатарының жала жабуымен, болыс жезделері Жаманбала мен Жүрімбайдың 500 теңге сүйіншіге қызығып куә болуынан, кезінде кісі өлтірді деп, іргелес сядыр елі айыпқа бұйырып, жығынды жасайды. Толғанбай ақын екі інісі Толқынбай мен Жұманбайдың көмегімен ел ортасынан кетіп, қорған іздеп, арғы беттегі Қызай елінен тұрақ табады. Қызай елі Толғанбай ақынды хан көтере қолпаштап, ел аралатып, жер таңытып, сән-салтанат тойларына, көпшілік



мәслихаттарына қатыстырып, саңлақ өнеріне тәнті болып, бір жылдан соң, бектері мен елбасылары «алтынмен үптеп, күміспен күптеп» еліне әкеп салады. Ең байлықпен еліне келген Толғанбайды ағайын - туыс, аға-інілері жадырай, сағына қарсы алады. Толғанбай ақын әкелген сый - сияпатынан жеткенінше ағайын-туыс, аға-інілерінің бәріне үлестіре бөліп беріп, өзіне таңылған айыптың жала екендігін, бар қаражатын аянбай, шаша жүріп, нақты анықтап бағады. Үйсін елінде игі жақсылар бас қосқан үлкен тойда «Нәсілім менің Кенже едім» атты толғау-арнауымен «Жаманбала, Жүрімбай! Жек көрдім көпір сұрыңды-ай! Өтірік айтпай, жайыңа жүрсен болмас па еді?! Аруаққа шек боп ұрынбай?! Құдайдың жаратқаны рас болса?! Кешіктірмей алар-ау, бірінді-ай?!» деп, енді жүздерін көрмеспін деген, екі жездесінің қылығын, жұрт алдында беттеріне басып әшкерелейді. Жүзі қара жезделері Толғанбайдың аяғына жығылып, Жаманбала қалтасынан қолма - қол мың теңге суырып, алдына тастаса, Жүрімбай үйіне жете ауырып, бір айдан соң қайтыс болыпты.

Толғанбай әділ істі ақын, жастайынан бұхара халықтың қамын жеп, сыйлағанның құлы, елінің намысын жібермеген айбарлы азу тісті ұлы. Ғарып пен қасарды қорғап, сөз дәріпімен пайдасын тигізген. Ақындық, жыр, толғау, ән айту өнерінде бір айтқан әуенің еш қайыра қайталап айтпаған үздік. Замана көшін алға апарар, «адам ісі адаммен» екенін түсініп, былай жырлайды:

«Ауыр қайғы бөлісу, ағайынның парызы.
Көп тілеуі көл екен, ақ батаны ал ізгі.
Сайрап жатар көсемнің, салып кеткен сар ізі.
Бөрінен де жаманды, ағайынның арызы.
Елім, жұртым сізге айтам, бірлікті бол шырақтар.
Бірлікті жерде ырыс көп, ол елге адам тұрақтар.
Ауыз бірлік бар жерде, жететұғын мұрат бар.
Ауыз бірлік жоқ жерде, қиянатты қият бар.
Ұлттық иман қабы дер, иманды да ұят бар.
Көпшілікке жаққан жөн, басыңа жағар шырақ бар.
Фәни тұрмақ бақида, мінетұғын пырақ бар.
Ешкімнің хақын жемендер, артында оның сұрақ бар».

Ілияс Жансүгірұлының «Дала» поэмасы мен «Жетісу» кітабында Бекетбай ақынның өнер үлгілері дәріптелінеді. Бекетбай Толғанбай ақынның аталас інісі болады. Бекетбай бес жасында шешекпен ауырып, екі көзінен зағып болып, содан мүлдем көрмей қалады. Толғанбай ақын Бекетбайдың аузына үш түкіріп, ең болмаса «өлеңші, ақын болып, күніңді көр» деп, одан молдаға дұға оқыттырды. Толғанбайдың ниеті қабыл болып, Бекетбай тапқыр, дарын сөзімен дес бермес, өнегелі өнерімен халқын сусындатқан білімпаз, озық ақын атанады.

Толғанбай ақын белді, беделді кісі, Матай елінің ізгі жақсылары Толғанбай ақынсыз үлкен жиын, ас, тойларға бармапты. Өлеңді боз кілем үстінде малдас құра, құйрығымен жорғалап отырып айтыпты. «Басындағы зер тақиясы құйқасымен бірге ойнап тұратын» делінеді, елі қайнар, Болатшы қажы дерегінде. «Наурызбай - Ханшайым (Фатима) атаулы туындыда: «Сөз иесі Толғанбай! Жыр иесі Толғанбай!» - деп жырланады. Толғанбай ақынның

арғында Әлия қызбен, садырда Есболат қазының балдызымен, аталық, шоқпарда Сарықызбен айтқан қақтығыстарын ел аузынан жинап-теріп жазып алғаным сақтауымда тұр. Одан басқа «Насихат», «Қасқа ат», «Тау» шығармалары мен қатар өсіет, өнеге, тәлім негізінде айтқан көптеген өлең, жыр, термелері мәтіні толық емес, жұрымдалып, халық арқылы жеткендері бар. Толғанбай ақынның «Қапұғай», «Еркем» әндерінен өзге де әндері болыпты. Сол кезеңде әндері елге кең таралғанымен, осы күнге жетпей ұмытылып, жазба жүзінде ескеріліп жазылмапты. Толғанбай ақын ата салт рәсімдерінің түзігін ұстанып, дәріптей білген жампоз. Бір жылы Толғанбай ақынның екі бірдей туысқан ағалары қайтыс болып, қазаға аза тұтып, «өлең айтып жүргенім биыл емес, өлең деген біздерге қиын емес, екі бірдей ағамыз өліп отыр, айтатұғын өлеңді жылым емес» деп, өлең өнерін қайтыс болған ағаларының жыл уағына дейін айтпай доғарыпты.

Халық Толғанбай ақынның ақындық өнерін «әбдейі соққан қызыл жел» деп бағалапты. Білетіндер Толғанбай ақынмен айтқанына килігіп тиіспепті. Байқамай айтқанымыз деп қақтығысқандар, өлеңмен сазайынын ала, тоғыздық төлемін өтеп, жеңілуімен тынып отырыпты.

Толғанбай ақын елу жасында, халық қалауымен болыстыққа сайланып, ел басқарады. Парызын адал атқарып, «момынның малын зәлімге» жегіздірмеді. Болыс болған Толғанбайды халық «өлең айт» деп қаумалап сұрағанда, өне бойын будақ - будақ тер басқан Толғанбай ақын: «Өлең көмейіме келіп тығылып, билікпен таласып, екеуінің бірі ғана болсын деп тұр!» - депті. Даңқ биігіне қырандай самғай шығып, қысқа ғұмыры сарқылғанша «адам» деген қасиетін аласартпаған. Өмірінің соңғы жылдары ел ішінде билікпен аранасып, әлеуметтік қайраткер тұрғысынан көрініп, оған қоса ақындықтың тізгінін тең ұстайды. Толғанбай ақын 1897 жылы, бір елге барған сапарынан, тіл - көз мірінен ауырып келіп, өскен ата мекені Жолбарыссоққанда биік бір құм төбеге шығып, ел-жермен бір күн, бір түн «Қоштасу» өлең айтып, 53 жасында дүние салады. Дәуірінде халыққа кең таралған, Толғанбай өмірден өтерін сезіп, бір күн, бір түн айтып, ел-жермен қоштасқан «Қоштасу» жыры мүлдем ұмыт болған жәйі бар. Өуезі мен сөзін толық білген Қожамұратұлы Балтабай ақсақал дәріптегенімен, артына мұра қылып қалдыруды ұқыптамапты.

Елі күніреніп, қаза азасына жан-жақтан ат қойып келмегендер кемде-кем болыпты. Жиырма жеті жасында жесір қалған Мәшен ананың Толғанбайға арнап айтқан «Жоқтауы»:

«Кешегі менің татуым, қарада берен ер еді - ай.
Момынның малын зәлімге жегізбеспін дер еді - ай.
Шежіре туған шешенім, әбдейі қызыл жел еді - ай.
Алайын деген жауының алдынан шыға сөйледі - ай.
Қудан да ұшқыр жүйрігім, талайды сезбен бөгеді - ай.

Өз тобында бар еді - ай,
Жал қанаты көп еді - ай.
Ақтан бір қаза келген соң,
Бір қарамай жөнелді - ай.
Тауға біткен ырғаймын,
Ойға біткен құраймын.
Жастайымнан жесір қалып,
Жолдасын жұтқан сұмыраймын», - деп ұзағынан жылапты.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

Ажар Сеңкібайқызы - 85 жаста!

Суы мөлдір таза, қарасақ түбінен жарқырап тасы көрінетін ағынды Ақсу ауданының алғашқы «Құрметті азаматы», тоғыз ағайынды Сеңкібай әулетінің үлкен апасы (Әйесі) сәуір айының 28 күні 85 жасқа толады.

Бұл күн бұрынырақ партия қатарында тәрбиеленгендермен, әулет ұрпақтары үшін ең маңызды күн шығар деп ойлаймыз. Өйткені, Ажар Сәрсембайқызы физика - математика мамандығы бойынша мектепте жас өркендерге сабақ берсе, Жоғарғы Партия мектебін бітірген соң аудандық партия комитетінде 20 жыл партиялық бақылау комиссиясын басқарып, аудан коммунистеріне тәрбие берді.

Апайымыз аудан басқарған жоқ, бірақ 20 жыл аудан коммунистерін басқарды. Сол кездегі тәртіп бойынша партиялық комиссия ауданның бірінші басшылары мен қарапайым жұмысы коммунистердің барлығын партиялық комиссияның бақылауында ұстады. Олар жөнінде мезгіл - мезгіл облыстық комиссияға есеп беріп отырды. Сол үшін де ауданда партиялық комиссияның рөлі ерекше орынға болды.

Ажар Сәрсембайқызының алған екі жоғары білімі адам тәрбиесіне арналды, оған ол шексіз риза болып, өмір кешіп келеді.

Апайымыз өзінің білімге деген құштарлығымен, мейірімділігімен, адал еңбегімен артынан ерген сіңлілеріне ерекше әсер етті. Сіңлілері Бақыт, Ляйля, Ләззат жоғары білімді ұстаздарымыз. Әлия Алматыдағы электротехникумын бітіріп, аудандық поштада арнаулы білімі бар екінің бірі болып ұзақ жыл қызмет етті, қазір еңбек демалысында. Ортамызда Ләззат мен Әлиза қызметте. Әлиза Алматыдағы медучилищені бітіріп, содан бері арнаулы білімімен аудандық Санэпидстанцияда қызмет істеп келеді.

Ажар Сәрсембайқызы Жармұхамет Қуатұлымен отбасын құрып, бізге отбасылық өмірдің де үлгісін көрсетті. Бұл күнде бәріміз де отбасылымыз, бірақ



апайымызбен хабарласпай, жағдайымыз жайлы ақылдаспаған күніміз болған емес.

Біз апайымызға, ол кісі бізге риза болып, өмір көшінде келеміз. Қазақ жолымен «Апайымыз» деп айтқанымызбен, ол кісіні біздер «Әйе» деп атаймыз. Әйеміздің 85-ке толған күні біздер үшін өте үлкен жүрекжарды қуаныш.

Әйе! Қуанышты күніңізде қасыңыздан табылып, деніңізге саулық, Жармұхамет аға екеуіңіз құр үлгілі үлкен отбасыңызға амандық, ұрпақтарыңыздың ұлағатты есіп өнуіне шын жүрегімізден тілек тілейміз.

Сізді біз бар өмірімізде үлгі тұтамыз.

Зор ризашылық көңілмен сіңлілеріңіз БАҚЫТ, ЛЯЙЛЯ, ӘЛИЗА, ЛӘЗЗАТ, ӘЛИЗА.

МЕНІ ТОЛҒАНДЫРАТЫН МӘСЕЛЕ



Кез - келген адамның көкейінде я ойында жүрген, мәселенің тереңіне бата алмай, өттеген-ай дейтұғын сәттердің болатыны рас. Оған мысал ретінде бірнеше дүниені атап айтуға болады. Қазіргі уақытта қоғамда белең алып тұрған өзекті мәселелерді айтатын болсақ, айттып қана қоймай тереңіне үңіліп қарасақ, жан-жағымыздың барлығында түйінді шешілмей тұрған дауды, мәселені, өзекті жағдайды, оқиғаны көреміз. Бірақ бұның да өзіндік астары мен тамыры тереңде жатқан мағынасы бар екенін саралай білуіміз керек. Ол үшін ең бастысы дұрыс әрі жалпыға бірдей түсінікті түрде түйінді шеше алуымыз керек.

Мені толғандыратын мәселе - тіліміздің тазалығы. Шұбарланып бара жатқан ана тілімізді қалай да болмасын осы бір кеселден алып шығып, кең ауқымда ұрпақтар арасында насихатталуына баса назар аударуымыз қажет. «Тәрбие басы тал бесік» демекші жаңадан туған балаға орыстардың «Синий тракторын» емес, бесік жырымыз бен ертегімізді санасына сіңіру дұрыс деп санаймын. Қазақи тәрбиеде ананың аялы алақаны

мен мейіріміне қанып өскен баланың кеудесінде, Отанға деген туғанына деген адалдығы мен махаббаты лаулап тұрады.

Тіл - тұтас бір ұлттың айнасы. Тілі мен байтақ жері бар ұрпақ еркін, тәуелсіз өседі. Біз, қазақ, еліктеуші халықпыз. Батыстың мәдениетіне еліктейміз деп рухани байлығымыздан алыстап барамыз.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», - деп Абай айтқандай туған тілге деген құрмет биік дәрежеде болуы керек. Адам тән азығымен қатар жан азығын да тойдыруы, қанағаттандыруы керек. Жан азығы - білімде, кітапта. «Қазақ» деген ұлттың айнасы екендігін әрбір адам сезіну арқылы тілі мен салт-дәстүріне тереңдей түссе, жан азығының қажеттілігін қанағаттандырады. Рухани баи түседі. Өзінің ата тегін, тарихын тану арқылы тарихи тамыры тереңде жатқан тұлға екенін сезінеді.

Гүлнар БАРЫСОВА,
Молалы ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

БАЛА және ӨРТ



Өмірінде өртті бір рет көрген адам оның қандай апат екенін біледі. Өрт жолындағының бәрін жалмап, тіпті ең қымбатты – адам өмірін де аямайды.

Біздің күнделікті тіршілікте: «Сіріңкемен ойнама», «Отпен ойнау қауіпті», «Өрт – тілсіз жау» және т.б. ұрандарға құлағымыз үйреніп кеткен. Көп жағдайларда балаларды көз қызықтырар белгілері бар сіріңке, темекі қорабтары қызықтыратыны естен шығып жатады.

Балаларда үлкендерге тән психологиялық қорғаныс реакциясы толық дамымаған. Көпшілігі өрт кезінде аман қалу үшін не істеу керектігін біле бермейді. Осы себептерден өрт кезінде көп жағдайларда төсек астына, шкаф ішіне, көрпе астына немесе бөлмедегі қуыстарға тығылып, өрттен қашады. Есік ашық болса да шығуға тырыспайды. Оларды қою түтін жайлаған бөлмелерден табу өрт сөндірушілерге қиындыққа соғып жатады.

Өрт қауіпті кезеңде сақ болыңыздар!

Адами факторлар табиғи өрттердің негізгі себептері болып табылады. Адамдар даладағы өткен жылдан қалған шөптерді жиі өртейді, қатты жел оттың ұшқындарын қалыптастырып, өрт орын алады.

Сонымен қатар, еліміздің аумағында күннің аптап ысуына байланысты дала өрттерінің орын алады. Көп жағдайларда дала өрттері адамдардың абайсыздығынан пайда болады.

Көкке шыққан азаматтардың жаққан оттарын өшірмей кеткендіктерінен немесе көлік жүргізушілерінің жол жиегіне өшірмей тастай салған темекі тұқылынан, ашық алаңкайда қоқысты немесе құрғақ шөптерді жағуы және т.б. салдардан пайда болады.

Сол себепті, осы кезеңде көкке шыққан азаматтардың далалы аймақта өте сақ болуы және өрт қауіпсіздігі қағидаларының шараларын сақтап, өте мұқият болуы қажет.

Ғимараттар мен құрылыстардың, сондай-ақ тұрғын үйлердің және басқа ғимараттардың аумағы тез жаңғыш қалдықтардан, жапырақ қалдықтарынан, құрғақ шөптерден және т.б. қоқыстардан тазалануы керек.

Ашық өрт жағуға, қалдықтарды өртеуге тыйым салынады. Өрбір тұрғын үйлердің жанына су бөшекелерін және өрт сөндіргіштерді орналастыруға болады.

Жазғы мезгілде ата-аналар балаларға ерекше назар аударуы тиіс. Ата-аналар балаларға сіріңкемен ойнауға бол-

Ауданымызда балаларға оттан абай болуды үйрету жұмыстары жүргізілуде. Мектептерде, балабақшаларда өрт қауіпсіздігі шараларын оқыту жетілдендірілуде, бұқаралық ақпарат құралдары қамтылуда.

Атап айтсақ, Ақсу ауданында балалармен өрт қауіпсіздігі бойынша сабақтар өткізіліп тұрады, балалардың отпен ойнауын және өрт кезінде балалардың қаза болуын болдырмау үшін.

Соған қарамастан, бұл алдағы балалардың кінәсінен болған өрт санын кеміту үшін атқарылатын жұмыстардың бір бөлігі. Өрбір ересек адам олар үшін жауапты екенін естен шығармауы ең маңызды мәселе. Естеріңізде болсын, балалардың отпен ойнауына қарсы күрес, өртке қарсы күрес қана емес, ол ең алдымен балалырымыздың бақытты да, шаттыққа толы өмірі үшін күрес.

Құрметті ата-аналар, есте сақтаңыздар, баланың өмірі Сіздердің қолдарыңызда және ол бағаланбайды!

майтынын түсіндіру керек. Өзіңіздің істеріңізбен балаларды өрт қауіпсіздік ережелеріне үйретіңіз!

Құрметті аудан тұрғындары!

- Шөптер мен сабандарды жақпаңыздар.

- Бақылаусыз қоқыстарды өртемеңіздер және алау жақпаңыздар.

- Балаларға сіріңкемен ойнауға, шөптерді өртеуге рұқсат бермеңіздер.

- Оттың бір құрылыстан басқасына өтіп кетпеуі үшін, шаруашылық аулаларының, гараж кооперативтерінің аумақтарын құрғақ шөптерден және қоқыстардан тазартыңыздар.

- Жанған сіріңке мен темекі тұқыл-дарын лақтырмаңыздар.

- Күннің астында бөтелке немесе шыны сынықтарын қалдырмаңыздар.

- Құрғақ және желді ауа-райында алау жақпаңыздар, оларды сөндірусіз қалдырмаңыздар. Егерде сіз басталған өртті байқасаңыз, мысалы, кішкене өртенген шөп, оны өздігіңізден өшіруге тырысыңыз. Кейде жай ғана жалынды таптап тастау да жеткілікті (шындығында, шөптің бықсып жатпағандығына көз жеткізіп, күте тұру керек, әйтпесе от қайта жануы мүмкін).

Егерде от қатты жанса, оны өз күшіңізбен сөндіре алмасаңыз, шамаңыз келгенше онымен айналысатындарға тезірек хабар беруге тырысыңыз. 101 және 112 телефондарына қоңырау шалып, байқаған жану ошағын және оған қалай бару керектігін хабарлаңыз.

ГАЗДЫ ТҰРМЫСТА ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

Абонент пәтер ішіндегі газ жабдығының тиісті техникалық жағдайын қамтамасыз етуге міндетті.

Құрметті газ тұтынушылар! Өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігі туралы ойларыңызды – газ жабдығына уақытылы қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз етіңіздер!

Газды тұрмыста қолданатын халық міндетті:

• Газ аспаптарының, түтіндіктер мен желдеткіштердің қалыпты жұмыс істеуіне бақылау жасауға, түтіндікке газ жану өнімдерін бұратын газ аспаптарын қосқанға дейін және жұмыс істеуі кезінде түтін тартылуын тексеруге. Түтіндіктің «қалтасын» мерзімді тазалап отыруға.

• Газды пайдаланып болған соң, газ аспаптарында және олардың алдындағы крандарды жабуға.

• Газ жабдығы жарамсыз болғанда «Горгаз-сервис» ЖШС кәсіпорнының қызметкерлерін шақыртуға.

• Пәтер ішінде газ иісі пайда болған кезде газ аспаптарын қолдануды дереу тоқтатуға, аспаптарға жалғанған және аспаптардағы крандарды жабуға, үй-жайды желдету үшін терезелер мен желкөздерді ашуға, 104 телефоны бойынша апаттық қызметті шақыртуға (газдалған үй-жайдан тыс). От жақпауға, темекі тартпауға, электр жарығы мен электр құралдарды қоспауға және қосулы болса, сөндіремеуге, электр қоңырауларды пайдаланбауға.

• Газ құбырлары мен газ жабдықтарын тексеру және жөндеу үшін тәуліктің кез-келген уақытында пәтерге газ шаруашылығы кәсіпорнының қызметкерлерін олар қызметтік куәліктерін көрсеткенде кіргізуге.

Халыққа тыйым салынады: Үйлерді (пәтерлер, бау-бақшадағы шағын үйді) газдандыруды өз бетінше жүргізуге, газ аспаптарының, баллон мен бекіту арматураларының орнын ауыстыруға, алмастыруға және жөндеуге. Кез-келген газ жүйесін құрастыру тек мамандандырылған ұйыммен жүргізілуі тиіс.

• Сәйкесінше ұйымдардың келісімінсіз, газ аспаптары орнатылған орынжайды қайта жоспарлауды жүзеге асыруға.

• Газ аспаптары орнатылған орынжайларды ұйықтау мен демалу үшін қолдануға.

• Газ шығуын анықтау үшін ашық отты пайдалануға (газ шығуды анықтау сабын эмульсиясымен немесе арнайы аспаппен жүргізіледі).

• Түтін мен желдету жүйелерінің құрылысын өзгертуге.

• Екі қабаттан көп қабаттары бар тұрғын ғимараттарының пәтерлерінде баллондарды орналастыруға тыйым салынады.

• Желдету арналарын бітеп тастауға, түтіндіктерді тазалауға арналған «қалталар» мен люктерді бітеп немесе сылап тастауға.

Газды тұрмыста қолдану Ережелерін бұзған тұлғалар қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылады.



Дала өрттерінің алдын алайық!

Жаз мезгілінде дала өрттерінің болуы қазіргі жағдайда белең алуда. Ескеретін жәйт, көбінесе құрғақ шөптің жануына отты абайсыз қолдану, сөндірілмеген темекі тұқылы, балалардың отпен ойнауы себеп болып табылады. Осыған орай, Ақсу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі Өрттің алдын алу мақсатында табиғатта болған кезде жанып жатқан сіріңке мен темекі тұқылын тастамау, балалардың сіріңкемен және отпен ойнауына жол бермеу, аң аулауда бықсыған материалдардан жасалған оқ тығынын пайдаланбау, от жағуға және құрылыстардың жанында қоқыстарды жақпауларыңызды ескертеді. Алауды тек топырақ қабатына дейін тазартылған алаңға жағыңыз. Өрт болған жерден шығып, отты сумен сөндіріңіз немесе ошақтың жануы толық тоқтағанға дейін топырақ лақтырыңыз. Шыны ыдысты және сынған шыныны қалдырмаңыз. Басталған өртті сумен, ұзындығы 2 метрге дейінгі жапырақты

ағаштардың бұтақтарымен сөндіріңіз немесе топырақ лақтырыңыз.

Ескерту! Дала өрттерін сөндіру кезінде:

- Жалынды қаптармен, басқа да қолда бар құралдармен өшіріңіз;

- Егер техника болса, оны пайдалануға тырысыңыз, өрт учаскесін жыртыңыз немесе қорғаныс жыртыуды жүргізіңіз;

- Ең алдымен оттың таралуын тоқтату керек, одан кейін ең қарқынды жану орындарындағы отты сөндіру керек. Бұл ретте су ағысын жалынға емес, жанған жерге бағыттау керек.

Өрт болған жағдайда Өртке қарсы қызметке 101 және 112 нөмірі бойынша хабарласыңыз!

Азамат ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ЖҮРГІЗУ ШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАҢУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЙТАЛУ КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығы негізінде,

«Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі қайталау конкурсы өткізілетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланған соң 15 күнтізбелік күннен кейін, 10 жұмыс күні ішінде, 2024 жылдың 06 мамырдан 21 мамырға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2024 жылдың 21 мамыр, 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2024 жылдың 22 мамыр 10 сағат 00 минутта мына мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлесінің мөлшері туралы мәліметтер, өтім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасау жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертаратпандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертке ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтімді және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және "2024 жылғы мамырдың 22" дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

№	Орналасқан жері	Алаңы, га.	Алқап құрамы	Су көздерімен қамтасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы
1	Ақсу ауылдық округі	11,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
2	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
3	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
4	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
5	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
6	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
7	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
8	Ақсу ауылдық округі	7,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
9	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
10	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
11	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
12	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
13	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
14	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
15	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
16	Ақсу ауылдық округі	5,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
17	Ақсу ауылдық округі	2,3	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
18	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
19	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
20	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
21	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
22	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
23	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
24	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
25	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
26	Ақсу ауылдық округі	7,1	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
27	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
28	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
29	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
30	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
31	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
32	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
33	Ақсу ауылдық округі	8,86	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
34	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
35	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
36	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
37	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
38	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
39	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
40	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
41	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
42	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
43	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
44	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
45	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
46	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
47	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
48	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
49	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
50	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
51	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
52	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
53	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
54	Ақсу ауылдық округі	7,7	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
55	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
56	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
57	Ақсу ауылдық округі	13,0	Суармалы егістік	Сумен қамтамасыз етілген	Мамандандырылған
58	Ақсу ауылдық округі	63,71	Жайылым	Қажет емес	Мамандандырылған
59	Ақсу ауылдық округі	10,97	Жайылым	Қажет емес	Мамандандырылған
60	Ақсу ауылдық округі	231,0	Жайылым	Қажет емес	Мамандандырылған

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ПОВТОРНОГО КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

Ақсуский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Аксуского района объявляет о проведении повторного конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 15 календарных дней после публикации, в течение 10 рабочих дней; с 06 мая по 21 мая 2024 года, по адресу: (Жетисузская область, Аксуский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5.) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Аксуского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: 21 мая 2024 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытие конвертов с конкурсной документацией будет проведено 22 мая 2024 года в 10 часов 00 минут (Жетисузская область, Аксуский район, село Жансугуров, улица Желтоқсан 5.) в кабинете заместителя Акима района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аккредитованных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: "22" мая 2024 года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26 (районный отдел сельского хозяйства и земельных отношений).

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

№	Местоположение	Площадь, га.	Состав угодий	Водообеспеченность	Сельскохозяйственная специализация региона
1	Аксуский сельский округ	11,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
2	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
3	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
4	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
5	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
6	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
7	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
8	Аксуский сельский округ	7	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
9	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
10	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
11	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
12	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
13	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
14	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
15	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
16	Аксуский сельский округ	5,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
17	Аксуский сельский округ	2,3	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
18	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
19	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
20	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
21	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
22	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
23	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
24	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
25	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
26	Аксуский сельский округ	7,1	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
27	Аксуский сельский округ	13,0	Орошаемое пашня	Обеспечен водой	Специализированный
28	Аксуский сельский округ	13,			

Ауылымыз ажарлы болса, тұрмысымыз енді болады



**Таза
Қазақстан**
Экологиялық акция

Жалпы республика бойынша «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жалғасуда.

«Киелі мекен» аталатын акцияның екінші аптасы 14 - 20 сәуір аралығында тарихи - мәдени ескерткіштерді абаттандыру жұмыстарына арналған.

Осы акцияға байланысты аудан орталығында 1941 - 1945 обелискасы, 8 батыр аллеясы, Бөрібай батыр ескерткіші және «Жастар» паркіндегі Желтоқсан құрбандарына арналған ескерткіш және Ақын Сара ескерткіші мен Ілияс Жансүгіров ескерткішінің маңы тазаланды. Бұл шара барлық ауылдық округтерде де жалғасты.

Шара басталмас бұрын ауыл ақсақалдары ақ батасын беріп, ауыл азаматтарының игі бастамасына сәттілік тіледі.

Әр ұжым өздеріне бекітілген жерлерді тазалауға кірісті.

Шараға белсене қатысқан «Қарлығаш» балабақшасының ұжымына, балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне, орталықтағы үш білім ошағының ұжымына, аудандық орталық аурухана ұжымына, аудан әкімдігі мен мекеме - ұйым қызметкерлеріне, екі мәдениет үйі мен кітапханашыларға тағы басқа аттары аталмаған ауыл азаматтарына, сондай - ақ қоғамдық жұмысшыларға алғыс білдіреміз.

Иә, ауданның көрікті болуын қалайтын әркім бұл іске үлес қосы тиіс. Ауданымыздың тазалық күтімі бәрімізге байланысты. Тек жұмыла көтерсек қана жүк жеңіл болмақ. Осы жайттарға орай, бүкіл аудан тұрғындары апта сайын өтетін сенбіліктерге шақырамыз. Өз аулаларыңызда, көшелеріңізде, үйлеріңізде тазалық пен тәртіптің орын алуын қадағалаңыздар. Алдымызда мамыр айының мерекелі күндері - Қазақстан халқының бірлігі және Ұлы Жеңіс күні келе жатыр. Бұл мерекелерді көрікті, көшелер мен тазаланған аулаларда қарсы алайық. Баршамыз өскелең ұрпаққа үлгі болатындай іс жасап, үйімізге, ауылымызға, Отанымызға деген сүйіспеншілігімізді көрсетейік.

Тазалық мәселесі ауыл тұрғындарының барлығына қатысты. Әр азаматты тазалыққа тәрбиелеу отбасынан басталуы тиіс. Әрқайсысымыз өзіміз тұратын үй - жайдың айналасын таза ұстап, артық - ауыс қалдықтарды шашпай, ұқыпты болсақ, туған ауылымыздың таза әрі көрікті мекенге айналуына титтей де болса үлес қосар едік. Қоршаған ортаның, өзіміз өмір сүретін ауданның тазалығы әрқашан бірінші орында болуы керек.

Иә, ауыл көркі өз қолымызда, Ауылымыз ажарлы болса, тұрмысымыз енді болады. Ендеше, игі істен қалыспайық!

Акцияның алдымыздағы үшінші аптасы, яғни, 21 мен 27 сәуір аралығында - «Жасыл аймақ» күні өтеді. Бұл күні ағаш көшеттерін отырғызу, айналаны әктеу жұмыстары жүргізіледі.

Осы арада аудан орталығына шырша, қайың т.б. ағаштардың көшеттерін алып келіп жүрген Қапал орман шаруашылығы қызметкерлеріне рахмет айтамыз.

Ербол СЫМХАНОВ.



"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2502



Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.



Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.